



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қоғамдық бақылау туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі мүдделер қактығысы – қоғамдық бақылау субъектілерінің, сарапшының, қоғамдық бақылау субъектілері мүшесінің (қатысушысының), құрылтайшысының, басшысының, жұмыскерінің жеке мүдделілігі олардың өз міндеттерін бейтарап және объективті атқаруына әсер ететін немесе әсер ете алатын және (немесе) осындай мүдделілік пен осы Заңда белгіленген қағидағтар арасында қайшылықтың туындауына алып келетін жағдай;

3) қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжат (бұдан әрі – қорытынды құжат) – Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша әзірлеген хаттама, қорытынды, ұсыным, өзге де құжаттар;

4) қоғамдық бақылау объектілері – атқарушы мемлекеттік билік және жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелері, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, дербес білім беру ұйымдары, қызметі қоғамдық мүдделермен байланысты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар болып табылатын ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қоғамдық бақылау объектілері.

Қазақстан Республикасының ерекше режимдік, режимдік объектілері санатына жатқызылған мемлекеттік органдар мен ұйымдар қоғамдық бақылау объектілері болып табылмайды;

5) қоғамдық бақылау субъектілері – Қазақстан Республикасының азаматтары;

діни бірлестіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген коммерциялық емес ұйымдар (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйымдар);

қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға өкілеттік берілген өзге де субъектілер;

6) қоғамдық бақылау тобы – қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін қалыптастырылған Қазақстан Республикасының азаматтарының және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінің және (немесе) қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға өкілеттік берілген өзге де субъектілердің тобы;

7) уәжделген жауап – қоғамдық бақылау объектісінің қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжатта көрсетілген мән-жайлардың жан-жақты, толық және объективті түрде қаралғаны туралы, оның ішінде қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылғаны туралы ақпарат;

2-бап. Қазақстан Республикасының қоғамдық бақылау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қоғамдық бақылау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Заңның алдында басымдығы болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру ерекшеліктері осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

Осы Заң Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында реттелмеген бөлігінде қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді.

2. Осы Заңның күші «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы», «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы, сыртқы барлау, қарсы барлау қызметі, жедел-іздістіру қызметі, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі және күзетілетін адамдар мен объектілерді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамасында реттелетін қоғамдық қатынастарға қолданылмайды.

3. Ұлттық әл-ауқат қорындағы және Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компаниялардағы қоғамдық бақылау бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын мемлекеттік әлеуметтік және ғылыми-инновациялық жобаларға, ұлттық жобаларға қатысты, сондай-ақ Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компаниялар қабырғымдылық көмек көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

4-бап. Қоғамдық бақылаудың мақсаты мен міндеттері

1. Қоғамдық бақылаудың мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қоғамдық бақылаудың міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын қоғамдық бақылау процесіне тарту;

2) Қазақстан Республикасының жалпыхалқаттық

басымдықтары шеңберінде орындалатын жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету;

3) қоғамдық бақылау объектілері шешімдер қабылдаған кезде қоғамдық пікірдің ескерілуін қамтамасыз ету;

4) қоғамдық бақылау объектілері қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету;

5) қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

6) қоғамдық бақылау объектілері қызметінің тиімділігін арттыру;

7) қоғамдық бақылау объектілерінің қызметіне Қазақстан Республикасы азаматтары сенімінің деңгейін арттыру;

8) қоғамда құқыққа қарсы мінез-құлыққа төбеушілікті қалыптастыру болып табылады.

5-бап. Қоғамдық бақылаудың қағидағтары

Мыналар:

1) қоғамдық бақылау субъектілері қызметінің заңдылығы;

2) қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық бақылауды жүзеге асыруының жариялылығы, ашықтығы және айқындығы;

3) қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуының еріктілігі;

4) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қоғамдық бақылау субъектілерінің тәуелсіздігі және мүдделер қактығына жол берілмеушілік қоғамдық бақылаудың қағидағтары болып табылады.

6-бап. Қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуының шарттары

1. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылауды жеке немесе қоғамдық бақылау топтарына қатысу арқылы жүзеге асырады.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

3) он сегіз жасқа толмаған адамдар;

4) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикасының, мінез-құлқының бұзылуына (ауруына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты есепте тұрған адамдар;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар;

6) шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатыла тұрған не оған тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылау субъектілері бола алмайды.

3. Қоғамдық бақылау тобы қоғамдық бақылау субъектілерінің бастамасы бойынша қалыптастырылады. Қоғамдық бақылау тобының құрамын бекіту туралы шешім хаттама түрінде ресімделеді.

Қоғамдық бақылау тобының сандық құрамы бес адамнан аспайды.

Қоғамдық бақылау тобының мүшелері қоғамдық бақылауды осы Заңның және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

2-тарау. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ОБЪЕКТІЛЕРІ

7-бап. Қоғамдық бақылау субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық бақылау субъектілерінің:

1) қоғамдық бақылауды осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нысандарда жүзеге асыруға;

2) қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына осы Заңға сәйкес қоғамдық бақылау объектісімен жазбаша келісу бойынша баруға;

3) қоғамдық бақылау объектілерінен Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат сұрауға;

4) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне- және фототүсірілім жасауға;

5) қоғамдық бақылау объектілерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасауға;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Қоғамдық бақылау субъектілері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, қоғамдық бақылау объектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) қоғамдық бақылауды осы Заңның және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

3) қоғамдық бақылау объектісіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру туралы хабарлауға, ал қоғамдық бақылау тобы қалыптастырылған жағдайда қоғамдық бақылау тобының құрамын бекіту туралы хаттаманы жіберуге;

4) қоғамдық бақылау объектілеріне қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын қорытынды құжатты жіберуге;

5) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайлар туралы ақпаратты тиісті уәкілетті органдарға жіберуге;

6) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде жалпы бірдей қабылданған моральдық-әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтауға;

7) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде мүдделер қактығына жол бермеуге;

8) қорытынды құжатты, сондай-ақ қоғамдық бақылау

объектілерінің қорытынды құжатқа уәжделген жауаптарын өз интернет-ресурстарында (болған кезде) орналастыруға;

9) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік шараларын және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қоғамдық бақылау объектісі жұмысының белгіленген режимін сақтауға;

10) дербес деректер субъектілерінің немесе олардың заңды өкілдерінің келісімінсіз дербес деректерді өңдемеуге, сондай-ақ қоғамдық бақылау объектілерінен алынған, Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

11) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

8-бап. Қоғамдық бақылау объектілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық бақылау объектілерінің:

1) қоғамдық бақылау субъектілерінен қоғамдық бақылауды жүзеге асыру туралы ақпаратты және қорытынды құжатты алуға;

2) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне- және фототүсірілім жасауға;

3) қоғамдық бақылау объектісінде қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын талап етуге;

4) осы Заңның 12-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына кіргізуден бас тартуға;

5) қоғамдық бақылау жүргізуге бастама жасау үшін қоғамдық бақылау субъектілеріне жүгінуге;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Қоғамдық бақылау объектілері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, қоғамдық бақылау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

4) қоғамдық бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізде және тәртіппен қоғамдық бақылау объектілерінің аумағы мен үй-жайларына кіруін қамтамасыз етуге;

3) қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, өз қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қоғамдық бақылау субъектілерінің сұрау салуларына Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қарауға;

4) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қоғамдық бақылау объектілері өкілдерінің жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік мінез-құлық нормаларын сақтауы жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға;

5) қоғамдық бақылау субъектілерінің қауіпсіздігін осы қоғамдық бақылау объектісі үшін белгіленген нормативтерге сәйкес қамтамасыз етуге;

6) қорытынды құжат бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға, сондай-ақ уәжделген жауаптарды жіберуге;

7) қорытынды құжатты, сондай-ақ уәжделген жауаптарды өз интернет-ресурстарында орналастыруға;

8) қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына баруға келісетін туралы қоғамдық бақылау субъектісіне осы Заңға сәйкес хабарлауға;

9) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

3-тарау. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

9-бап. Қоғамдық бақылау нысандары

1. Қоғамдық бақылау қоғамдық талқылау, қоғамдық сараптама және қоғамдық мониторинг нысандарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысандарда жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық бақылау бір мезгілде бірнеше нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

10-бап. Қоғамдық талқылау

1. Қоғамдық талқылау қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдерін жария қарауды ұйымдастыру мақсатында өткізіледі.

2. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық талқылау өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күні қалғанда қоғамдық талқылаудың тақырыбы, күні, уақыты, орны мен нысаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ қоғамдық талқылаудың нысанасына жататын ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

3. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық талқылау өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қоғамдық бақылау объектілерінің өкілдерін хабардар етуге және қоғамдық талқылауға қатысуға шақыруға міндетті.

4. Қоғамдық бақылау объектілері қоғамдық талқылауға қатыса алады, сондай-ақ қоғамдық талқылауды ұйымдастыруда қоғамдық бақылау субъектілеріне техникалық жәрдем көрсете алады.

5. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық талқылауды өткізу нәтижелері жөніндегі хаттаманың негізінде қабылданған қорытынды құжатты қоғамдық бақылау объектілеріне қарау үшін жібереді.

11-бап. Қоғамдық сараптама

1. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық сараптаманы қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдерін талдау және қоғамдық бағалау мақсатында жүзеге асырады.

Қоғамдық бақылау объектілерінің қызмет барысында қабылданатын, шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдері қоғамдық сараптаманың нысанасы болып табылады.

2. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық

сараптама жүргізу үшін сарапшыларды немесе сараптама ұйымдарын тартуға құқылы.

3. Тиісті салада жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, тиісті салада кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, қоғамдық сараптама нысанасы бойынша ғылыми және (немесе) практикалық білімі бар жеке тұлға сарапшы бола алады.

4. Сарапшылардың тұжырымдарын қамтитын қоғамдық сараптама қорытындысы қорытынды құжат түрінде ресімделеді және қоғамдық бақылау объектілеріне қарау үшін жіберіледі.

12-бап. Қоғамдық мониторинг

1. Қоғамдық мониторинг қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қызметінің барысын байқап қарауды білдіреді.

2. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық мониторингті қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын актілері мен шешімдеріне қатысты ақпаратты жинау, қорыту және талдау арқылы жүзеге асырады.

3. Қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының қорытынды құжатты әзірлейді. Қорытынды құжатқа қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы жүзеге асыруы мүмкін.

4. Қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық мониторингті қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы жүзеге асыруға келісім беру туралы жолданымға қоғамдық бақылау субъектілерінің тізімін және олардың осы Заңның 6-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы ақпаратты, сондай-ақ қоғамдық бақылау объектісіне бару қажеттілігін негіздемесін қоса береді.

5. Қоғамдық бақылау объектілерінің алдығы қоғамдық мониторинг жүргізілген кезден бастап алты ай ішінде сол бір гана объектіге барып не сол бір гана мәселе бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу жағдайында қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына баруға рұқсат бермеуге құқығы бар.

6. Қоғамдық мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша қабылданған қорытынды құжат қоғамдық бақылау объектілеріне қарау үшін жіберіледі.

13-бап. Қорытынды құжаттар

1. Қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын қорытынды құжатты әзірлейді.

Қорытынды құжатқа қоғамдық бақылауды жүзеге асыру күні, уақыты мен орны, қоғамдық бақылаудың міндеттері, қоғамдық бақылау субъектілерінің тізімі және олардың осы Заңның талаптарына сәйкес келуі туралы ақпарат, қоғамдық бақылаудың нысандары, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде анықталған фактілер мен мән-жайлар туралы ақпарат, сондай-ақ қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде алынған өзге де құжаттар қоса беріледі.

2. Қоғамдық бақылау субъектісі қорытынды құжатты қоғамдық бақылау объектісіне қоғамдық бақылау аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей, қазақ тілінде және (немесе) басқа да тілдерде жібереді.

3. Қорытынды құжат қоғамдық бақылау объектілерінің қарауы үшін міндетті болып табылады.

4. Қоғамдық бақылау объектілері қорытынды құжатты алғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, қоғамдық бақылау субъектісіне әрбір ұсыным бойынша жеке-жеке уәжделген жауап жібереді.

5. Қоғамдық бақылау объектілері қорытынды құжатта көрсетілген мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті түрде қарау үшін шаралар қабылдауға және қоғамдық бақылау субъектісіне, егер бұл басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін бұзбаса, оның ұсынымдарын тыңдау нысанында қарауға қатысу мүмкіндігін беруге міндетті.

6. Тыңдау қоғамдық бақылау субъектісінің шаққаты арқылы, оның ішінде бейнеконференцбайланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы жүз

(Соңы. Басы 1, 8-беттерде)**3. Мыналар:**

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға алып келуі мүмкін;

2) конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен имандылығына нұқсан келтіруі мүмкін мәселелер;

3) Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі мәртебесін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбегейлі қағидаттарын, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды деген ережелерді өзгерту;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мен Мемлекеттік шекарасы;

5) сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот төрелігін жүзеге асыру;

6) прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауы;

7) сыртқы барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру, құқық қорғау қызметі, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзету іс-шараларын жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару, қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы;

9) қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті сақтау;

10) адамдарға рақымшылық және кешірім жасау;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметтің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;

12) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерді орындау мәселелері;

13) Қазақстан Республикасының сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында реттелетін мәселелер;

14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері;

15) мемлекеттік тілдің мәртебесі;

16) мемлекеттік органдардың құзыретін, өкілеттіктерін, функциялары мен міндеттерін өзгерту мәселелері;

17) төтенше жағдай және (немесе) төтенше ахуал режимдерінің қолданылуы шеңберінде қабылданатын шешімдердің күшін жою және оларды өзгерту туралы мәселелер петицияның нысанасы бола алмайды.

4. Петицияны интернет-ресурста еркін қолжетімді етіп орналастыру үшін петиция мынадай шарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша және тәртіппен он жұмыс күні ішінде электрондық нысанда және жиырма жұмыс күні ішінде жазбаша түрде Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының петицияға қосылуы;

2) петицияның осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

3) петицияны берген кезде интернет-ресурста дәл сондай нысанадағы петицияның болмауы.

5. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган петицияға Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматы қосылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде петицияның осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген шарттарға сәйкес келген жағдайда мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрау салу жіберуге құқылы.

6. Петиция осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган сепбертен негіздей отырып, петицияны қабылдамайды, бұл жөнінде арыз ісіндес оның өкілін электрондық нысанда және (немесе) жазбаша түрде хабардар етіледі.

8. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган петицияны интернет-ресурста еркін қолжетімді етіп орналастырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақпараттық хаттар жіберу арқылы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органда есепке қойылған бұқаралық ақпарат құралдарына петицияға қосылудың басталғаны туралы хабарлайды.

90-3-бап. Петицияға қосылу

1. Қазақстан Республикасының азаматтары петицияға қосылуды интернет-ресурста мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электрондық цифрлық қолтаңба арқылы немесе жазбаша түрде куәландыра отырып жүзеге асырады.

Петицияға қосылу Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес берілетін дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін берген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Петиция интернет-ресурста еркін қолжетімді етіп орналастырылған кезден бастап алты ай ішінде петицияға қосылуға болады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының петицияға қосылуы және (немесе) интернет-ресурста еркін қолжетімді түрде комментарий орналастыру арқылы оған қатысты өз көзқарасын білдіруге құқығы бар.

4. Қосылудың қорытындысы бойынша: Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша оны қолдауға Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде елу мың даусына; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша оны қолдауға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде екі пайыз даусына; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша оны қолдауға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде бір пайыз даусына; қалалық, аудандық жергілікті өкілді органдардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша оны қолдауға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде екі мың бес жүз даусына, қалғандары үшін – халық санының кемінде он пайыздына ие болған петиция қолдау тапқан болып есептеледі.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген шекті мәнге жетпеген петицияны мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган петиция интернет-ресурста еркін қолжетімді етіп орналастырылған кезден бастап алты ай өткен соң арыз ісіндес қайтарлады.

Мұндай петицияны мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және (немесе) атқарушы органдарға жібереді және ол осы Кодексте белгіленген тәртіппен хабар, үн қосу немесе ұсыныс ретінде қаралады.

90-4-бап. Петицияларды қабылдау, тіркеу және есепке алу

1. Осы Кодекстің 90-3-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген шекті мәнге жеткен кезде мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган өз өкілеттіктеріне петицияны қарау кіретін мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға петицияны жібереді, бұл жөнінде арыз ісіндес электрондық нысанда хабарлар етіледі және ол туралы ақпарат петицияны жіберу туралы шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде интернет-ресурста орналастырылады.

2. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілген петиция міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

Петицияны қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

3. Петицияларды тіркеу, есепке алу мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

90-5-бап. Петицияны қарау тәртібі мен мерзімі

1. Петицияны қарау мерзімі:

1) петицияны орталық мемлекеттік орган тіркеген күннен бастап қырық жұмыс күнінен аспайды;

2) петицияның жергілікті өкілді және (немесе) атқарушы орган тіркеген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайды.

2. Петицияны қарау кезінде орталық мемлекеттік орган:

1) петицияда жазылған фактілерді тексеру талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, сол жерге баруды жүзеге асыруға;

2) шешімнің жобасын жария талқылауды өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күні қалғанда арыз ісіндес оның өкілін және мүдделі тұлғаларды шақырып және өткізілетін күні мен орны туралы интернет-ресурстар арқылы, сондай-ақ электрондық немесе қағаз нысанда міндетті түрде хабардар ете отырып, оны өткізуге;

3) құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің және (немесе) мәслихаттың депутаттарын, арыз ісіндес немесе оның өкілін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді қоса отырып, жеке комиссияны немесе жұмыс тобын құруға;

4) петицияға қатысты келіп түскен комментарийлерді, сондай-ақ петицияның нысанасы бойынша экономикалық, әлеуметтік, статистикалық және өзге де қажетті ақпаратты талдауға;

5) халықаралық тәжірибені зерделеуге және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуге (егер петицияның нысанасы Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізуді талап ететін болса) міндетті.

Петицияны қарау кезінде жергілікті өкілді және (немесе) атқарушы органдар:

1) петицияда жазылған фактілерді тексеру талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, сол жерге баруды жүзеге асыруға;

2) шешімнің жобасын жария талқылауды өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күні қалғанда арыз ісіндес оның өкілін және мүдделі тұлғаларды шақырып және өткізілетін күні мен орны туралы интернет-ресурс арқылы, сондай-ақ электрондық немесе қағаз нысанда міндетті түрде хабардар ете отырып, оны өткізуге;

3) құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің және (немесе) мәслихаттың депутаттарын, арыз ісіндес немесе оның өкілін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді қоса отырып, уақытша комиссияны немесе жұмыс тобын құруға міндетті.

90-6-бап. Петицияны қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер

1. Петицияны қарау нәтижелері бойынша орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы, жергілікті өкілді органның төрағасы:

1) петицияны толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы;

2) петицияны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

2. Петицияны қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес ресімделеді.

Петицияны қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе петиция тілінде, мазмұны жағынан негізделген және уәжделген болуға, арыз ісіндес немесе оның өкілінің және петицияға қосылған Қазақстан Республикасы азаматтарының қабылданған шешімге шағым жасау құқықтары түсінідіріле отырып, олардың дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

3. Петицияны қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім интернет-ресурста шешім шығарылған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде орналастырылады.

Петицияны қарау нәтижелері бойынша орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы, жергілікті өкілді органның төрағасы ресми түрде хабарлама жасауға міндетті.

3. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 13-баптың 2-тармағы 6) тармақшасындағы «сотқа жүгінуге арналған құқықтарын таниды және оған кепілдік береді.» деген сөздер «сотқа жүгінуге» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық экологиялық бақылауға қатысуға арналған құқықтарын таниды және оған кепілдік береді.»;

2) 14-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық экологиялық бақылау өткізуге бастама жасауға, оларды ұйымдастыруға және соларға қатысуға.»;

6) тармақшадағы «зерттеулер жүргізуге құқығы бар.» деген сөздер «зерттеулер жүргізуге» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) қоршаған ортаның жай-күйіне тәуелсіз экологиялық мониторинг жүргізуге, электрондық дерекқорды құруға және жүргізуге құқығы бар.»;

3) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Мүдделі жұртшылық осы Кодексте белгіленген шарттарда және тәртіппен, экологиялық бағылау жүргізу процесіне және жұртшылықтың қатысуы көзделген өзге де рәсімдерге, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың және өзге де тұлғалардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға құқылы.»;

4) 29-бапта:

4-тармақ 10) тармақшасындағы «ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар жатады.» деген сөздер «ұлғайтуға бағытталған» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге бағытталған іс-шаралар жатады.»;

5-тармақта:

екінші бөлік «атқарушы органы» деген сөздерден кейін «мүдделі жұртшылықтың өкілдерін қатыстырып.» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес қоғамдық тыңдаулар рәсімінен өтеді.»;

5) 110-баптың 7-тармағындағы «немесе» деген сөз «және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 190-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қоғамдық экологиялық бақылау экологиялық проблемаларға жұртшылықтың назарын аудару, қоршаған орта мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдаудың барлық сатыларында жұртшылықтың қатысуын және пікірін ескеруді қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының экология заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге жәрдемдесу, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметіне жәрдемдесу мақсатында жүргізіледі.»;

2-тармақ «Қоғамдық экологиялық бақылауды» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын: «8. Қоғамдық экологиялық бақылау осы Кодексте реттелмеген бөлігінде «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

7) 205-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Елді мекеннің шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томының жобасы қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес қоғамдық тыңдаулардың міндетті рәсімінен өтеді.»;

8) 406-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын: «5. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу кезінде қоғамдық экологиялық бақылау нәтижелері бар болса, солар ескеріледі.»;

4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 21-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) өзі мәслихаттың депутаты болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты мәселелер бойынша петициялар жазу жөнінде ұсынымдар мен консультациялар беруге;

5-2) өзі мәслихаттың депутаты болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың петицияларды қарауы бойынша мониторинг жүргізуге;

5-3) петицияларды мәслихат сессиясының қарауына шығаруға»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2) өз округінің сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, оларға мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы, петициялардың қаралуы туралы, сондай-ақ өзінің депутаттық қызметінің барысы туралы жылына кемінде бір рет хабарлап отыруға, мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға қатысуға.»;

5. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

57-бап мынадай редакцияда жазылсын: «57-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

6. «Жүзек қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: 9-бап мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Курсанттардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін курсанттар қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруды құқық қорғау органының басшысы айқындайтын тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.»;

7. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын: «2-1. Университетте, Зияткерлік мектептерде қоғамдық бақылау «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

8. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Қоғамдық бақылау «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.»;

9. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

77-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын: «3-1. Курсанттардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін курсанттар қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.»;

10. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 48-1-бапмен толықтырылсын: «48-1-бап Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының тәрбиеленушілерін, ұландарын, қадеттері мен курсанттарын әлеуметтік қорғаудың ерекшеліктері

Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери оқу орындарының тәрбиеленушілері, ұландары, қадеттері мен курсанттарды қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруды жалпыәскери жарғыларда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.»;

11. «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-1-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «6) Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы ұлттық бағдарымы үш жылда кемінде бір рет дайындалуы және кейіннен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін ағымдағы жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асырады.»;

2) 5-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын: «1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобаларын талқылау;

«2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік

бағдарламаларының орындалуын талқылау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылу барысы мониторингінің нәтижелерін қарау»;

3) 8-бапта:

1-тармақтағы «дауыс беру арқылы» деген сөздер «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес ашық дауыс беру арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Азаматтық» деген сөз «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес, азаматтық» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-бапта:

1-тармақ «құрамын» деген сөзден кейін «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «8. Қоғамдық кеңестің жұмыс тобы қалыптастырған құрамын республикалық деңгейде – тиісті мемлекеттік органның басшысы, тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органның басшысы, жергілікті деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік мәслихатының төрағасы бекітеді және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) тиісті органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастыруға жатады.»;

5) 10-бапта:

тақырыптағы «Қоғамдық кеңес» деген сөздер «Жұмыс тобы мен Қоғамдық кеңес» деген сөздермен ауыстырылсын; 1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ жергілікті деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұрақты тұратын азаматы жұмыс тобы мен Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.»;